

Қаржасова Гульдана Батырбаевна

PhD докторы, доцент

Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университеті

Саулебек Назым Айтбайқызы

з.ғ.к., аға оқытушы

Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университеті

Қашықтықтан оқыту орталығының Астана өкілдігі

100009, Академическая 9 көшесі

Тел. 8 775 207 88 68.

Факс. 44-16-32

E-mail: GKB24@mail.ru

Халық билігінің конституциялық негіздері

Түйін. Мақалада халық билігінің конституциялық негіздеріне байланысты мәселелер егжей-тегжей қарастырылады. Әлем тәжірбиесі көрсетіп отырғандай, халық билігінің құқықтық реттелуі жүздеген жылдар бойы жетілдіріліп, даму жолында қалыптасып келеді. Соған байланысты халық билігінің қалыптасуының тұрақтылығы мен өнімділігі азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік басқару органдарымен, саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара әріптестігінен бастау алу жағдайлары тақырып аясында талқыланады.

Түйін сөздер: мемлекет, халық билігі, азаматтық қоғам, азаматтық қоғам институттары, мемлекеттік басқару органдары, демократия.

Резюме. В статье подробно рассматриваются вопросы, связанные с конституционным основам на-родной власти. Как показывает мировой опыт, на протяжении сотен лет, совершенствуется правовое регулирование народной власти, складывается на пути развития. Производительность и стабильность формирования народной власти, институтов гражданского общества с органами государственного управления, связанные с ним, обсуждаются условия взаимодействия с неправительственными организациями и политическими партиями в рамках взаимодействия сторон.

Ключевые слова: государство, власть, народ, гражданское общество, институты гражданского общества, органы государственного управления, демократии.

Resume. Issues related to the constitutional basis of people's power are discussed in detail in the article. As the world experience shows, for hundreds of years, the legal regulation of people's power is being improved; it develops on the way of development. Productivity and stability of the formation of the people's power, civil society institutions with government related to it,

discussed the conditions of interaction with non-governmental organizations and political parties in the framework of the start.

Key words: state, power, people, civil society, civil society institutions, public administration bodies, democracy.

Қазақстан Республикасының өз алдына жеке мемлекет ретінде қалыптасу жолында, қоғамдық келісім мен татулық, мемлекеттік басқару құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдардың және де саяси партиялардың атқаратын рөлі ерекше. Бұл, аталған қоғам қатынастарының құқықтық немесе конституциялық нормаға сәйкес жүзеге асырылып, қоғамдағы адам және азаматтардың өмірі, құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда азаматтық қоғам институттарының атқаратын қызметі маңызды орынға ие екендігін көрсетеді. Әлем тәжірбиесі көрсетіп отырғандай, халық билігінің құқықтық реттелуі жүздеген жылдар бойы жетілдіріліп, даму жолында қалыптасып келеді. Азаматтық қоғам институттарының қалыптасу негізінде, Еуропа мемлекеттерінде, Америка Құрама Штаттарында, Канада және Жапония мемлекетінде халық билігінің құқықтық аспектілері жетілдірілді және дамыды. Халық билігінің қалыптасуының тұрақтылығы мен өнімділігі азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік басқару органдарымен, саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара әріптестігінен бастау алады десек, ақиқаттың көзін ашқандай боламыз.

Қоғамдық әділеттілік пен қоғамдық теңдік, өз кезегінде, адам және азаматтардың толыққанды мүдделерін қанағаттандыруға, билік тармақтарының әділ жетілдірілуінде және толық ақпараттандырылуынан көрінісін табады. Адам, тұлға ретінде өз құқықтарын, бостандықтарын мен теңдігін қорғауға әрқашан ұмтылады. Алайда, адам азамат қоғамдық қатынаста өмір сүргендіктен, ол қоғам құрлымынан тыс, мемлекеттен тыс, өмір сүре алмайды, яғни бұл тұста, ол басқару функциясымен тығыз байланысты болатындығын көрсетеді. Азаматтық қоғам өз кезегінде, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір нышанда мемлекеттің атқару функциясына жүктесе, екінші жағынан мемлекеттік биліктің адам бостандығы мен теңдігін тежейтін нормаларға шектеу қоюмен сараланады. Бұл тұста, азаматтық қоғамның ең басты шарты мемлекет пен адам және азаматтардың еріктігі мен өзара сенімділігінде жүзеге асырылады.

Осылайша, демократиялық режимнің немесе халық билігінің азаматтық қоғамдағы саяси шарттарын жасай отырып, мемлекеттің институционалдық тұрғысынан, қоғамға жоғарғы тәуелділігін объективті жүйелеуге болатындығын көреміз. Сол себепті, қоғам дамуы жоғары деңгейде жүзеге асырылған сайын, өзін – өзі басқару мен өзін – өзі бағыттай білетін механизмнің жоғарғы қарқын алуы, өз кезегінде мемлекеттің қоғамдық институционалдық жүйесімен санасуға жол ашатындығы мәлім.

Азаматтық қоғам институттарының жоғары деңгейде қалыптасуы, өзін – өзі ұйымдастыруынан көрініс табады десек, өз кезегінде азаматтық қоғам институттарының қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты дамытатын көпір ретінде де бағалауға болады. Көптеген қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, ассоциациялардың қалыптасуы мен дамуы, қазақ елінің терең трансформациялық әлеуметтік көрінісі ретінде бағалауға болады, десе де азаматтық қоғам құрлым ретінде заманауи отандық, шет мемлекеттерінің саясаттанушыларынан бағасын алғаның байқауға болады.

Азаматтық қоғам институттарының берік қалыптасуы, оның өмір сүруінің жоғарылығын көрсетеді, ал оның жоғарғы деңгейде өміршендігі халық билігінің ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғам институттары өз кезегінде, адам және азаматтарды саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани және мәдени салаларының, басқада құндылықтарының конституциялық нормаға сәйкес, жүзеге асырылуын немесе қамтамасыз етілуін қадағлайтын құрал немесе күш ретінде бағалау қажет. Азаматтық қоғам өзінің қоғамдық бірлестіктері мен мекемелері арқылы қоғам өмірінің барлық салаларынан орын алады. Оның көп бөлігі қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани және мәдени тұрғысынан жетілдірілген.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде даму жолындағы азаматтық қоғам институттарының халық билігін жүзеге асырудағы теориясы мен тәжірбиесі кең құрылымда жатыр деуге болады. Бұл тұста, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және Халық Ассамблеясының конституциялық және құқықтық базасын айтып өткен жөн. Бұл аталған ұғымдардың халық билігін жүзеге асырудағы конституциялық аспектілеріне жеке тоқталып өтуге болады.

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңында саяси партия ұғымы беріледі. Саяси партиялар деп Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік билікті жүзеге асыруда олардың саяси еркін білдіріп, жариялауға өздерінің өкілдерін қатыстыру арқылы ететін ерікті түрдегі бірігуі танылады. Саяси партиялар қоғамның саяси өміріне қатысу, азаматтардың саяси еркін қалыптастырып, жүзеге асыруға және заңда көзделген тәртіппен мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға қатысу үшін құрылады.

Әр түрлі саяси партиялардың пайда болуы, олардың қоғамдағы рөлі өсуі, олардың қызметінің нысандары мен әдістерінің күрделенуі олардың құқықтық институтқа айналуына алып келеді. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың институционалдануы өзара байланысты екі бағытта: Конституцияға негізгі қағидаларын олардың мәртебесін енгізу арқылы және саяси партиялар туралы арнаулы заңдарды қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының бесінші бабы саяси партиялардың негізгі қағидаларына арналған. [1].

Саяси партиялар өз алдына дербес болып табылады. Басқаша айтқанда, саяси партиялар мемлекеттік органдарға қосылып кетпейді, олар мемлекеттік органдардан тәуелсіз жұмыс істейді.

Конституция барлық саяси партиялардың заң алдында теңдігін белгілейді. Бұл бірде - бір партияға ерекше жағдай тудырылмайтындығын, артықшылықтар берілмейтіндігін білдіреді. Көп ұлтты мемлекет жағдайында саяси партиялар мен ұйымдар этникалық қағида бойынша құрыла алмайды, ол Конституцияға қайшы болып табылмайды. Бұндай мән - жай басқа партиялардың алдында қайсыбір артықшылықтар берілуі туралы талаптар қоюға негіздеме бола алады. Барлық саяси партиялар да Конституция заң нормасының аясында, саяси партиялар туралы тиісті заңдарды бірдей сақтауы тиіс болып табылады. Конституция мемлекеттік саяси партиялардың ісіне заңсыз араласуға тиым салады. Саяси партиялардың Конституцияда, саяси партиялар туралы заңдарда көзделген және бекітілген мәртебесін бұзатындай әрекеттері мемлекеттің, оның құзырлы органдарының заңсыз араласуы деп түсініледі.

Конституцияда саяси партияларға мемлекеттік органдар қызметін жүктеуге жол берілмейтіндігі белгіленген. КСРО - ның 1977 жылғы Конституциясы қоғамның саяси жүйесінің, мемлекеттік ұйымдарының негізі Коммунистік партия деп таныды. 2007 жылғы 21 мамырдағы заң арқылы саяси партияларды қаржыландыруға тиым салу жөніндегі норма алып тасталды. Саяси партиялар мен ұйымдар өздерінің қаржысымен, Қазақстан Республикасының азаматтары және заңды тұлғалары бөлген қаржымен өмір сүре және қызмет ете алады. [2].

Конституцияға сәйкес, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық-тектік және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған саяси партиялар құруға және олардың қызметіне тиым салынған. Егер саяси партиялардың қызметі Конституцияға қайшы келетін болса, онда ол заңда көзделген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

Бұл орайда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «...Өздерін партиямыз деп санап, астана мешітінде бассыздыққа барып, дін адамына қол көтеріп, кейбір халықтарды тұтасымен мемлекет аумағынан аластатуға шақырып жүрген әсіре ұлтшыл топтарға немесе «мәдени дәстүрлерді қалпына келтіреміз» дегенді желеулетіп, қарулы топтар құрып, Қазақстаннан бөлініп кетуге ұмтылып жүргендерге тиым салу демократияға жат бола ма? Меңінше, оның жауабын Қазақстан халқы, әлгіндей әулекіліктердің жолын кескен Конституцияны бірауыздан мақұлдай отырып, біржола жауап береді деп ойлаймын» [3] дегенін айтып өткен жөн.

Қазақтан Республикасында діни негіздегі саяси партиялардың қызметіне тиым салынған. Аталған конституциялық қағиданың екі жақты ұғымын түсінген жөн: біріншіден, діни көзқарасты басшылыққа алатын саяси партияларды құруға болмайды десек, екіншіден, құрылған және тіркелген саяси партиялардың өз қызметін діни идеологияны басшылыққа алып жүргізуіне құқығы жоқ. Діни негіздегі саяси партияларды құру және олардың қызметіне тиым салу мемлекеттің зайырлық сипатынан және діни бірлестіктердің тек өз мүшелерінің ғана рухани сұранысын қанағаттандырып, қалың көпшіліктің мүдделерін қамти алмайтындығынан туындайды.

Қазақстан Республикасының мемлекет ретіндегі даму жолында, саяси жүйесінде Халық Ассамблеясының алатын орны ерекше екендігі мәлім. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің мызғымас көпірі болып табылатын Халық Ассамблеясы, қазақ қоғамының тарихи тұрғыдан көпұлтты мемлекет ретінде қалыптасқандығын бейнелейді. Бұл тұста, азаматтық қоғам жүйесінің мемлекетте қалыптасқан ұлттар мен ұлыстардың татулықта өмір сүріп, қоғамның әртүрлі салаларындағы даму эволюциясының бейнесін көрсетіп отырғандығы ақиқат.

Қазақстан этносаралық келісім мен ұлттық бірлік саясатының берік конституциялық құқықтық негізі бар, ол мемлекеттік этносаясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша нысаналы жұмыс нәтижесінде қалыптасты. Оның құқықтық негізі тәуілсіздік алған алғашқы күндерден бастап қаланды және егемен Қазақстанның бастапқы актілерінде конституциялық құқықтық жүйеге құрыла бастағаны мәлім. Бұл ретте, қазақ қоғамының күрделі тарихи өмір жолын басып өткендігін аңғаруға болады.

Тәуелсіз мемлекет құрылған сәттен бастап еліміздің басшылығына экономикалық тоқыраумен, тәуелсіз мемлекет пен азаматтық қоғамның институттарын жедел қалыптастыру қажеттілігімен байланысты көптеген мәселелердің шешімін табуға тура келді. Бұл ретте Қазақстанның көпұлтты және ыдырап жатқан Одақтағы этноцентризм жағдайында республиканы мекендеген этностардың арасындағы мүдделерді қамтамасыз ету және үйлесімді қарым - қатынастарды ұстау мәселесінде «алтын аралықты» табу қажет болды. Осы жағдайда аса маңызды міндет этностық ортаның саяси мүдделерімен байланысына жол бермеу болды.

Мемлекеттік этносаясаттың қалыптасу үдерісі төмендегі негізгі деңгейлерде көрініс табады [4, 466]:

-Конституциялық және саяси-құқықтық деңгей (мемлекет қызметі мен демократиялық дамудың өзекті қағидаттарын конституциялық және саяси – құқықтық) арқылы қамтамасыз ету;

-қоғамдық келісімді, саяси тұрақтылықты және қазақстандық патриотизмді қамтамасыз ету;

-Доктриналық деңгей (Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында жария етілген «бір ел - бір тағдыр», «тегі басқа - теңдігі бір», «ұлт рухының дамуы» - этносаралық толеранттылық пен ұлттық бірлік ұстанымдары мен стратегиялық мақсаттарды негіздеу) арқылы жетілдіру;

-Институционалдық деңгей (ұлттық бірлікті, қоғамдық келісімді және этносаралық толеранттылықты қамтамасыз ететін) қоғамдық және саяси институт ретіндегі Қазақстан Халық Ассамблеясының рөлі өзекті болып отырған азаматтық қоғам институттары.

Қазақстан Республикасындағы этносаясаттың даму үлгілерін және белсенді жүргізіліп отырған саяси модернизация үдерістерін теориялық тұрғыда қорыту оның қалыптасуы мен дамуының басты кезеңдерін анықтап берді [5, 896]:

Бірінші кезең – 1991-1995 жылдар аралығын қамтиды. Дәл осы кезеңде ішкі саясат бойынша, соның ішінде, этносаралық қатынас мәселелері бойынша тәуелсіз шешімдер қабылдау мүмкіндігі туды. Бұл кезең этностық компонентті анық ұлттық идеологияның басымдығымен сипатталады.

Бұл өтпелі кезеңде, мемлекеттің орнығуына ықпал еткен шешуші фактор ол қазақ халқының ішкі ұлттық бірлігі болды деген түрлі ойлар мен тұжырымдамалардың жиынтығымен толық келісуге болады. Бұған себепкер болған тарихи құжаттарды саралайтын болсақ: 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация; 1991 жылдың 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы конституциялық заңы және 1993 жылдың 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы дамығандығын және желтілдірілгендігіне тарих куә. Бұл қоғам мен мемлекет арасындағы өзара жауапкершіліктің артқандығын көрсетеді. Бұл дегеніміз азаматтық қоғам институттары мемлекеттік басқару, құрылым және саяси режим нысандарысыз өмір сүре

алмайды десек, ал мемлекет қоғамдық келісім мен азаматтық қоғам институтарысыз дамымайтындығын көрсетті.

Екінші кезең - 1995-2002 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қазақстандық бірегейлік өлшемдерінің мазмұны айқындалды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы негізінде Қазақстан қоғамы қазақ ұлтының төңірегінде бірігуді «әралуандылықтағы бірлік» қағидаты негізінде қамтамасыз етті. 1995 жылы жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты мемлекеттіліктің жалпы азаматтық қағидаттары бекітіліп, мемлекеттегі ұлттық құрылысқа қатысты мәселелерді қабылдаудың жаңа моделі айқындалды. Бұл кезеңде этносаясат азаматтық қоғам қағидаттарына негізделген азаматтардың саяси бірлігі бойынша қазақстандық ұлтты қалыптастыруға бағытталды. Қазақстан мемлекеттілігі ортақ азаматтылыққа байланысты модернизациялық ұлттық құрылыс үлгісі қалыптаса бастады. Бұл кезеңде «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы қабылданып, еліміздің ұлттық дамуының негізгі өлшемдері анықталды.

Үшінші кезең - 2002 - 2007 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастыру бағытындағы саясат жүзеге асырылды. Бірқатар нормативтік және бағдарламалық құжаттар дайындалып, дайындалды. Толық тоқталар болсақ: Қазақстан Халық Ассамблеясының Стратегиясы, Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасын айтып өтуге болады.

Төртінші кезең - 2007 - 2010 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең Қазақстан қоғамының тұтас халыққа бірігуге ұмтылысымен, этноконфессионалдық үдерістерге шұғыл жауап беруден жүйелі мемлекеттік этносаясатқа көшумен сипатталады. 2007 жылғы конституциялық реформа демократиялық үдерістердің жаңа кезеңіне жол ашты. Қазақстан қоғамының тұтас халық ретінде интеграциялануына жоғары мән берілді. Бұл кезеңде Қазақстан Халық Ассамблеясы конституциялық мәртебеге ие болды. Ассамблеяның заң шығарушы орган – парламенттегі өкілділігі елеулі түрде күшейді.

Бесінші кезең 2010 жылдан бастау алады. Ол Қазақстанның ел бірлігі доктринасының, Қазақстан 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының алғышарттары қалыптасып, дамыды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мемлекет құрудағы этносаясатының рөлі мен басымдықтары қарастырылып, жалпы тұжырымдалды.

Алтыншы кезең 2012 жылдан бастау алады. Ол «Қазақстан 2050» Стратегиясының, Қазақстан Халық Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының қабылдануымен басымдықтарға ие болды немесе көрінісін тапты деуге болады. Бұл ретте, Ассамблея саясаттан тыс халық өкілділігінің институтына айналғандығын көруге болады. Ол азаматтық секторды ұйымдастырудың алаңы ретінде мемлекет пен қоғам дамуының өзекті мәселелерін талқылау, ортақ келісімді шешімдер қабылдауға жағдай жасады. Аталған өзгерістер мен үдерістер бүгінгі күннің өзінде аяқталған жоқ. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес, ұлттық саясаттың тиімділігі мен болжам-дылығын айқындайтын тетіктердің жаңа әдістерді жасауды талап ететіндігін көруге болады.

Халық билігінің мызғымас бөлігі ретінде үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестік-тердің конституциялық және құқықтық атқаратын рөлі ерекше екендігі ақиқат. Олардың әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ:

Тарих беттеріне жүгінсек, Қазақ КСР Конституциясының бірінші бөлімі «Саяси жүйе» деп аталды. Саяси жүйені мемлекет, кәсіподақтар, комсомол, басқада қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдары құрды. Бұл ретте, «Мемлекеттік емес (үкіметтік емес) ұйымдар» ұғымы болған емес. Өйткені барлық қоғамдық ұйымдар, оның ішінде еңбек ұжымдары социалистік меншік нысаны болып табылатын ұжымдық меншікке негізделді. Мемлекеттің барлық құқықтық саласында, бір партиялық үстемдіктің бейнесі қалыптасты.

Териялық тұрғыда, заңнамалық актілерде «мемлекеттік емес ұйымдар» ұғымының пайда болуы жеке меншіктің пайда болуымен және мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар қызметтері аясының жымдасуымен байланысты. Қазақстан мемлекеті өзінің Конституциясында қоғамдық ұйымдарға, кеңестік кезеңдегідей, мемлекеттік міндеттер жүктелмейтіндігін, олардың өз қызметін дербес атқаратындығын айқын мәлімдейді.

Алдымен «мемлекеттік ұйым» және «үкіметтік емес ұйым» ұғымдарын түсіндіруге тырысайық. Қазақстан Республикасының заңнамасында осы екі ұғым да кең қолданылады. Айталық, «Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы» 1998 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңында қордың акционерлік қоғам түрінде құрылатын банктік емес қаржылық мекеме болып табылатыны туралы жазылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі «Елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттар: қоғамдық демократияландыру, жаңа жүз жылдықтағы экономика және саяси реформа» атты халыққа Жолдауы демократияландырудың шешуші элементтерінің бірі ретінде «үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғам құрылысын нығайтудағы рөлін» [6] арттырды.

Негізінде екі маңызды факторды атап өткен жөн: 1) мемлекеттік емес ұйымдар коммерциялық ұйымдар болып табылады; 2) олар, әдетте, бірлестіктер деп аталады. Сонымен бірге, «ұйым» сөзі қолданылады. Айталық, ҚР АҚ-нің 106-бабында «азаматтардың ерікті түрде бірігуінен пайда болған ұйым қоғамдық бірлестік болып табылады» [7] делінген.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін ұйымдастыру қағидасын айқындайтын айтарлықтай кең заңдық база қалыптасқан. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы ағымдағы заңнаманы нақтылаушы осы қағидаларды айқындайтын негізгі акт болып табылады. Заң нормасына сәйкес, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін ұйымдастыратын негізгі қағидалар жиынтығына, жеке тоқталып саралайтын болсақ:

Біріншіден, маңызды қағида ретінде идеологиялық және саяси әр алуандылықтың конституциялық тұрғыдан танылуын айтуға болады. Екіншіден, мемлекеттік емес ұйымдардың ерікті түрде ұйымдасуы мен демократиялық негізде жұмыс істеуіне конституциялық деңгейде кепілдік береді.

Үшіншіден, мемлекеттің, оның органдарының қызметін мемлекеттік емес органдардың қызметінен бөлу маңызды қағида болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік органдардың міндетін қоғамдық бірлестіктерге жүктеуге тиым салады. Конституция мемлекеттік емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен ынтымақтасып жұмыс жасауына тиым салмайды. Мұндай ынтымақтастық әртүрлі жағдайларда және әртүрлі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Оған дәлел ретінде, Қазақстан Халық Ассамблеясының заң шығарушы органдағы өкілеттілігін келтіруге толық негіз бар.

2005 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңда мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасуының маңызды мәселелері қамтылған. Бұл заң шың мәнінде әлеуметтік, демократиялық мемлекеттің идеяларын іске асыруға бағытталған. «Мемлекеттік әлеуметтік тсалалық және діни деңгейлерде әлеуметтік міндеттерді шешу нысандарының жиынтығы» [8].

Төртіншіден, Конституция заңдық нормасына сәйкес, мемлекеттің қоғамдық бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласуға тиым салады. Бесіншіден, саяси тұрақтылықтың, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының толық көлемде реттелуіне жауапкершілік нормасының жиынтығын атап көрсетуге болады.

Алтыншыдан, мемлекеттік органдардың тарапынан болатын заңдылықты және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметіне бақылау жүйесін айтқан жөн.

Жетіншіден, мемлекеттік органдар тарапынан болатын қолдау, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін маңызды қағида болып табылады. Қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық қорлар және тағы басқалары, өз тарапының құқығын қорғауға сотқа жүгіне алады.

Халық билігінің конституциялық қалыптасуы мен дамуы өз кезегінде, заң нормасымен айқындалған, мемлекет пен қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар мен қоғамдық қорлар секілді құрылымдар арқылы жүзеге аырылып дамиды және жетілдіріледі. Бұл тұста, халық өз тарапынан референдум, митинг, сайлау жүйесі арқылы өз көзқарасы мен мүддесін қорғайды және қалыптасытыруға Қазақстан Республикасының Конституциясы толыққанды кепілдік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы: «Баспа» ЖШС, 1995 жылы 30 тамыз. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулар 10.03.2017 № 51-VI <http://www.zakon.kz/>).
2. Ким У Джунг. Это великолепный мир бизнеса.-М., 1992
3. Назарбаев Н.Ә., Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 2003.
4. Назараев Н.Ә., Политика мира и согласия.Астана Елорда, 2008, 46 б.
5. Назарбаев Н.Ә., бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы/ Астана: «Ақарман-медиа»,2010., 89 б.

6. Назарбаев Н.Ә., Тәуелсіздікті хабарлауға болмайды, оған тек қана қол жеткізуге болады// 3 томдағы құжаттар мен материалдар жиынтығы-Т II.

7. Е.Арланов «Азаматтық қоғам және оның институттары тұжырымдамасының заанауи түсіндірілуі», «Әділ сот» баспасы 22.11.2014.

8. "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 375 қаулысы. www.zan.kz